«Дарын» РҒПО директорының
2026 жылғы «29» 09
№ 172 бұйрығына 1-қосымша

Жалпы білім беретін мектептерге арналған
«Ақбота» интеллектуалды олимпиадасын
ұйымдастыру және өткізу ережелері

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Бұл ереже жалпы білім беретін мектептердің 1-10 сынып оқушылары үшін зияткерлік олимпиаданы (бұдан әрі - Олимпиада) өткізудің мақсаттарын, міндеттерін, тәртібін анықтайды.

2. Олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері: дарынды балаларды анықтау және қолдау, оқушылардың оқу-танымдық қызметін ынталандыру, мектеп оқушылары арасында зияткерлік олимпиадаларды танымал ету, жетістікке жетуге ынталандыру.

3. Олимпиада келесі бағыттар бойынша өткізіледі:
   1) жаратылыстану-математикалық бағыт;
   2) қоғамдық-гуманитарлық бағыт.

4. Олимпиаданың ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі - Ұйымдастырушы) болып табылады.

5. Олимпиада Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің № 514 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

6. Тапсырма құрастырушыларының құрамына тәжірибелі педагогтар, практик оқытушылар кіреді:
   1) тапсырмалардың мазмұнын дамытады;
   2) жұмысты бағалау өлшемдерін анықтайды;
   3) тиісті турлар өткізілгенге дейін тапсырмалардың құпиялылығына жауап береді.

7. Олимпиадаға енгізілетін пәндердің тізімін және өткізу уақытын Ұйымдастырушы бекітеді.

II. ОЛИМПИАДАҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

8. Олимпиадаға Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінің 1-10 сыныптарының барлық қызығушылық танытқан оқушылары қатыса алады.

9. Қатысушылар үшін Олимпиадаға қатысу ақысы 750 теңгені құрайды.

10. Олимпиада кезінде олимпиадаға қатысушылардың жеке деректерін өңдеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

11. Олимпиадаға қатысу алдын-ала және кейінгі іріктеусіз жүзеге асырылады.

III. ОЛИМПИАДАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

12. Ұйымдастырушы Олимпиаданы games.daryn.kz сайтында онлайн форматта өткізеді.

13. Олимпиаданың Ұйымдастырушысы:

1) Олимпиаданы өткізу күндерін анықтайды;

2) Олимпиаданың қажетті ұйымдастырушылық, техникалық және әдістемелік мәселелерін дайындау және шешу бойынша кеңестер өткізеді;

3) Олимпиада тапсырмаларын дайындауды және бекітуді қамтамасыз етеді;

4) Олимпиада тапсырмаларының құрылымын, тапсырмалар санын және оларды орындауға кететін уақытты анықтайды;

5) Олимпиада нәтижелерін талдайды;

6) облыстың білім басқармаларына, Дарынды балалармен жұмыс жөніндегі аймақтық орталықтарына (бұдан әрі – Аймақтық орталықтар) хабарлайды;

7) Олимпиадаға ақпараттық қолдау көрсетеді;

8) Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау үшін дипломдар дайындайды және оларды қатысушының жеке кабинетіне орналастырады.

14. Олимпиада ерікті негізде өткізіледі.

15. Олимпиадаға қатысушылар Ұйымдастырушы бекіткен тапсырмаларды орындайды.

16. Аймақтық орталықтары аудандық білім басқармаларына (мектеп ұйымдастырушыларына) олимпиада туралы хабарлайды.

17. Олимпиадаға Ұйымдастырушы белгілеген мерзімде қатысу үшін қатысушылар games.daryn.kz сайтында тіркеліп, қатысуды растауы қажет.

IV. ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

18. Олимпиада қатысушыларына бір дұрыс жауабы бар бірнеше жауап нұсқасынан тұратын тест тапсырмалары ұсынылады.

19. Олимпиадаға қатысушылардың әр жас тобына арналған тапсырмалар саны мен оларды орындау уақыты Ұйымдастырушымен анықталады.

20. Олимпиада нәтижелерін бағалау олимпиадаға қатысушының жинаған ұпайларының жалпы саны негізінде жүзеге асырылады. Әр тапсырма үшін ең көп ұпай санын Ұйымдастырушы анықтайды.

V. ОЛИМПИАДАНЫҢ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

21. Олимпиаданың Ұйымдастырушысы жыл сайын облыстардың негізгі білім басқармаларына, Аймақтық орталықтарына хабарлайды.

22. Аймақтық орталықтар олимпиада туралы ақпаратты таратады, олимпиаданың қатысушыларына, мұғалімдерге және ата-аналарға ақпарат беру үшін тиісті іс-шаралар өткізеді.

23. Олимпиада туралы ақпарат интернет желісіндегі Олимпиаданың ресми парақшасында орналастырылады.

VI. ОЛИМПИАДАНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

24. Ұйымдастырушы қатысушылардың жұмыстарын бағалайды, Олимпиада қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.

25. Олимпиада қорытындысы бойынша апелляция қарастырылмаған.

26. Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлері I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

27. Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің дипломдарына «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының директоры қол қояды.

28. Олимпиадаға қатысушыларға сертификаттар, жеңімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдар электрондық түрде беріледі және қатысушылардың жеке кабинеттерінде орналастырылады.

29. Дипломдар шынайылығын растау мақсатында QR-кодпен бірге онлайн форматта жасалып, қатысушылардың жеке кабинеттеріне Ұйымдастырушы белгілеген мерзімде орналастырылады.

VII. ОЛИМПИАДА ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

30. Олимпиада барысында қатысушы құқылы:

1) қажетті кеңсе тауарларын пайдалануға;

2) ерекше жағдайларда Олимпиада өткізіліп жатқан орыннан шығуға.

31. Олимпиада барысында қатысушыға тыйым салынады:

1) кітаптар, дәптерлер, жазбалар, жеке электронды ақпарат құралдарын әкелуге және пайдалануға;

2) сөйлесуге және өз орнын ауыстыруға.

32. Олимпиадаға қатысушы еңбекті қорғау және санитариялық-гигиеналық қағидаларды сақтауға міндетті.

33. Қатысушы келесі жағдайларда олимпиададан шығарылуы мүмкін:

1) Олимпиада өткізу тәртібін бұзған жағдайда;

2) интернет-ресурстарды әдейі пайдаланған жағдайда.